

**«2023-2024 оқу жылының қысқы сессия қорытындылары туралы»
мәселесі бойынша
Ғылыми Кеңес шешімі**

«2023-2024 оқу жылының қысқы сессия қорытындылары туралы» есеп Ғылыми кеңесте тыңдалып, келесідей тұжырымдамалар жасалды:

Бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша күндізгі және жеделдетілген күндізгі оқу нысандары студенттерінің қысқы емтихан сессиясы университеттің білім беру бағдарламаларының академиялық күнтізбелеріне сәйкес белгіленген мерзімде өтті.

Күндізгі нысандағы 1-4 курс білім алушыларының жалпы саны – 3723. Оның ішінде 3235 студент барлық пәндер бойынша сессияны сәтті тапсырды; 18 студент шетелде академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша оқиды; 454 студент академиялық кезеңде оқу бағдарламасын орындамады; оның ішінде 144 студент қорытынды аралық рейтинг бойынша сессияға жіберілмеді; 310 білім алушы «F-қанағаттанарлықсыз» (қайта тапсыру құқығынсыз) бағасын алды;

Абсолютті үлгерім 86,8% құрады; білім сапасы – 61,2%.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша 460 адам оқиды. Ғылыми-педагогикалық бағыты бойынша магистратурада білім сапасы – 83,2%; докторантурада – 100%.

Қысқы емтихан сессиясының қорытындылары бойынша есепті тыңдап, талқылағаннан кейін Ғылыми кеңес шешім қабылдады:

1. Білім берудің барлық нысандары мен деңгейлеріндегі білім алушыларымен академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілсін (жауапты – жоғары мектеп декандары, әлеуметтік-шығармашылық жұмыс бөлімі, Жастар орталығы, «Саналы ұрпақ», орындалу мерзімі – үнемі, жыл бойы);

2. Білімді бақылаудың барлық нысандары бойынша қысқы аралық аттестаттаудың емтихан материалын тексеру жөніндегі комиссия құрылсын және нәтижелері туралы есеп Академиялық кеңесте тыңдалсын (жауапты – академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры; комиссия төрағасы; орындалу мерзімі – 01.04.2024 дейін);

3. Білім беру бағдарламаларының оқытушылары емтихан комиссиясына енгізілсін (жауапты – академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры; орындалу мерзімі – 15.02.2024 ж.дейін);

Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ғылыми Кеңес Төрағасы

Ғалым хатшы



Б.Р. Таубаев

Н.К. Байгабатова

**«Университеттің ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері және оны дамытудың басым бағыттары туралы» мәселесі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ**

«25» қантар 2024 ж.

«Университеттің ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері және оны дамытудың басым бағыттары» туралы есеп Ғылыми кеңесте тыңдалып, келесідей тұжырымдамалар жасалды:

- Университеттің ҒЗЖ қаржыландыру көлемі ұлғайып, 198,7 (126,06 – 2022 ж) млн. теңгені құрады, оның ішінде ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыру көлемі 123,8 (99,2 – 2022 ж) млн. теңге;

- ГҚ шеңберінде 2023 ж жалпы сомасы 500 млн. теңгедан астам қаржыға ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 7 жобасы, халықаралық Horizon 2 жобасы, және университет қаржыландыратын ғылыми бөлімшелерде 4 жоба орындалуда;

- 2023 ж ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті жариялаған ГҚ, БНҚ және коммерцияландыруға арналған 6 конкурсқа 47 өтінім (22 – 2022 ж) берілді;

- «Jas galym – 2023» ғылыми жобаларды коммерцияландыру конкурсы аясында 12 млн. теңгеге 9 жоба орындалса, «Jas galym – 2024» конкурсы нәтижесінде 15 млн. теңгеге орындалатын 9 жоба мақұлданды;

- Ғылыми жарияланымдардың дәйексөзділігі Хирш индексінің салыстырмалы өсуімен сипатталады: университеттің 252 штаттық ПОҚ ішінде 163 зерттеушінің Web of Science және Scopus базасында Хирштың нөлдік емес индексі бар (2022 ж – 102 ғалым (докторанттарды қоса алғанда)). Хирштің жиынтық индексі Web of Science және Scopus базаларында 294-ке тең (175 – 2022 ж (докторанттарды қоса алғанда));

- Зияткерлік меншік құқығын растайтын құжаттар саны жоспар бойынша орындалды: патент – 4 , авторлық куәліктер – 105 (2022 ж – 7 патент, 114 авторлық куәлік).

Университеттің ғылыми-зерттеу қызметінің қорытындысы бойынша Ғылыми кеңестің шешімі:

1. Университеттің 2023 жылғы ғылыми-зерттеу қызметінің қорытындысы _____ деп есептелсін.

1) Гранттық қаржыландыру көлемін ұлғайту үшін халықаралық және ұлттық гранттық қаржыландыру, ҚР ҒЖБМ бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ҚР ҒЖБМ Ғылым қоры, Дүниежүзілік Даму Банкі, өңірлік және халықаралық бағдарламалар конкурстары үшін ғылыми жобалардың өтінімдерін дайындау – әрбір жоғары мектеп пен БжӘҒЗИ-дан кемінде 6 өтінім (Жауапты: ЖМ декандары, БжӘҒЗИ, ҒжҒЖКБ, жыл бойы);

2) ЖОО студенттері мен жас ғалымдарының ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған «Jas galym» конкурсына және ЖОО ішілік «Jetisý-Startup» ғылыми-инновациялық, бизнес идеялар мен жобалар байқауын өткізу – әрбір жоғары мектеп пен БжӘҒЗИ-дан кемінде 4 өтінім (Жауапты: ЖМ декандары, ИСО, ҒжҒЖКБ, 30.11.2024 ж дейін);

3) Ғылыми жобаларды іске асыру, «Болашақ» халықаралық бағдарламасы шеңберінде оқыту кезінде жетекші шетелдік жоғары оқу орындарында ғылыми тағылымдамадан өту конкурстарына жыл сайын кемінде 8 қызметкердің қатысуын қамтамасыз ету (Жауапты: ЖМ декандары, ХЫЖСДО, ҒжҒЖКБ, жыл бойы);

4) ПОҚ, магистранттар мен докторанттардың Web of Science және Scopus базасының ғылыми журналдарындағы жарияланымдарының санын 80-ге дейін, оның ішінде Q1-Q2 6-дан кем емес, ҒЖБСҚЕК базасының ғылыми журналдарындағы жарияланымдарының санын 75-ке дейін, Хирш индексінің жиынтығы – 310-нан кем емес, университеттің ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін оқу процесіне енгізу актілерінің санын – кемінде 50-ге кем емес; ҒЗЖ нәтижелері бойынша алынған авторлық куәліктер мен ұлттық патенттердің санын 105-тем кем емес орындау (Жауапты: ЖМ декандары, БжӘҒЗИ, ҒжҒЖКБ, жыл бойы);

5) Зертханаларды дамыту шығындарын ұлғайту, университеттің даму жоспарына және гранттық қаржыландыру жобаларына сәйкес заманауи жабдықтарды сатып алу (Жауапты: ЖМ декандары, БжӘҒЗИ, ҒжҒЖКБ, жыл бойы);

Шешімнің орындалуын бақылауды өзіне қалдырамын.

Ғылыми кеңес Төрағасы

Ғалым хатшы



Б.Р.Таубаев

Н.К. Байгабатова